

¹Уанбаев Е.К.^a, ²Есиркепов Ж.М., ¹Дошыбеков А.Б., ¹Белегова А.А.,
¹Бримкулова А.Д.

¹Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІ МАҒЫНАСЫНА СӘЙКЕС ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Уанбаев Еркін Кинаятovich, Есиркепов Жандос Мергенбайұлы, Дошыбеков Айдын Багдатович, Белегова Алия Аканбаевна, Бримкулова Асем Дулатовна

Дене мәдениеті және спорт саласындағы орыс және қазақ тіліндегі терминдерді мағынасына сәйкес қолдану ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақалада дене мәдениеті және спорт саласында қолданылып жүрген негізгі терминдер, оларды орыс және қазақ тілінде мағынасына сәйкес қолдану керектігі туралы жазылған. Авторлар дене мәдениеті және спорт саласында мамандарды даярлау, білім мен ғылымды дамыту үдерісі кездерінде мемлекеттік тілдегі негізгі терминдерді дұрыс, орыс және қазақ тілінде мағынасына сәйкес қолдану ерекшеліктері туралы құнды пікірлер білдіреді. Мақала барысында қазақ тіліндегі терминдердің мемлекеттік тілде мамандар дайындау барысында пайда болуы, алғашқы шығарылған оқу құралдары, оқулықтар, терминдер туралы жазылған мақалалар туралы баяндалады. Мектептің дене тәрбиесі сабағын сыныптар бойынша жүргізуге қажетті әдістемелік оқу құралдары, оларды шығарған авторлар, осы оқу құралдарының баспадан жарық көрген жылдары туралы мәліметтер беріледі. 2012 жылдан бастап терминдерді дұрыс қолдану туралы жасалған шаралар, және олардың сөздіктерде, «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының баптарында қолданылғаны туралы сыни баға берілді. Қорытындылай келе, дене шынықтыру мен спорттың теориясы мен тәжірибесінде терминдерді қолдануды жетілдіру жолдары ұсынылды.

Түйін сөздер: спорт терминологиясы, дене мәдениеті, терминологиялық сәйкестік, дене тәрбиесі, қазақ-орысша аударма.

Уанбаев Еркін Кинаятovich, Есиркепов Жандос Мергенбайұлы, Дошыбеков Айдын Багдатович, Белегова Алия Аканбаевна, Бримкулова Асем Дулатовна

Особенности применения терминов на русском и казахском языках в области физической культуры и спорта в соответствии с их значением

Аннотация. В статье рассматриваются особенности применения основных терминов в области физической культуры и спорта на русском и казахском языках с учётом их смыслового соответствия. Авторы акцентируют внимание на корректности использования терминов в образовательном процессе и при подготовке специалистов в сфере физической культуры и спорта, а также в научных исследованиях. Освещается происхождение и становление терминов на казахском языке, приводятся сведения о первых учебных пособиях, учебниках и научных публикациях, посвящённых данной проблематике. Даны примеры методических материалов, применяемых при организации школьных уроков физического воспитания, с указанием их авторов и годов издания. Рассмотрены меры, предпринятые с 2012 года для упорядочения терминологии, и дана критическая оценка современного состояния её применения в словарях и в Законе «О физической культуре и спорте». В завершение предложены пути совершенствования использования терминов в теории и практике физической культуры и спорта.

Ключевые слова: спортивная терминология, физическая культура, терминологическое соответствие, физическое воспитание, казахско-русский перевод.

Uanbaev Yerkin Kinayatovich, Yessirkepov Zhandos Mergenbayuly, Doshymbekov Aydyn Bagdatovich, Belegova Aliya Akanbaevna, Brimkulov Asem Dulatovna

Features of the application of terms in Russian and Kazakh languages in the field of physical education and sports in accordance with their meaning

Abstract. The article examines the peculiarities of using key terms in the field of physical culture and sports in Russian and Kazakh, taking into account their semantic correspondence. The authors emphasize the importance of correct terminology usage in the training of specialists, in the educational process, and in scientific research. The origin and development of terms in the Kazakh language are highlighted, with references to the first textbooks, manuals, and scholarly publications addressing this issue. Examples of methodological materials used in school physical education classes are provided, indicating their authors and years of publication. Measures undertaken since 2012 to regulate terminology are discussed, and a critical assessment is given of its application in dictionaries and in the Law "On Physical Culture and Sports". Finally, proposals are made for improving the consistent use of terminology in the theory and practice of physical culture and sports.

Key words: sports terminology, physical culture, terminological consistency, physical education, Kazakh-Russian translation.

Кіріспе. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары ұлттық құндылықтарымызды, дінімізді, тілімізді, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызды қайта саралап, жан-жақты зерттеуге ерекше көңіл бөлінуде. Осы кең көлемді мәдени бағыттардың ішіндегі аса маңыздысы - тіл мәселесі. Әсіресе, дене тәрбиесі мен спорт саласындағы мамандарды даярлау мен білім беру үдерісінде мемлекеттік тілдің, негізгі ұғымдар мен терминдердің қолданысы өзекті мәселелердің бірі ретінде алға шығып отыр.

1988 жылға дейін дене тәрбиесі және спорт саласы бойынша кәсіби білім беру негізінен орыс тілінде жүргізіліп келді. Тек 1988 жылдан бастап қана Алматы қаласындағы Қазақ спорт және туризм академиясында, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде, сондай-ақ еліміздің түрлі облыс орталықтарындағы колледждер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқытатын топтар ашылып, кәсіби мамандар даярлана бастады. Жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ғалымдары қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық менталитетке жақын терминдер мен ұғымдарды қалыптастырып, оқу үдерісінде белсенді қолдана бастады.

Жоғары оқу орындарында мамандарды даярлаудағы басты нысан - болашақ маман болып табылатын студент, магистрант және докторант. Бұл үдерісте негізгі нәтижелер осы білім алушылардың меңгерген білім деңгейі арқылы бағаланады. Ал, олардың кәсіби білімін қалыптастыратын негізгі құрал - ғылыми тіл, ұғымдар мен арнайы терминдер. Дәл осы терминдерді қолдану арқылы біз дене мәдениеті мен спорт саласының әлемдік, Азия құрлығы мен ұлттық кеңістіктегі орнын анықтап, кәсіби

білімімізді, біліктілігімізді көрсетеміз, ғылыми жетістіктерімізді жариялаймыз.

Ғылыми диссертациялар, оқулықтар, оқу құралдары мен мақалалар жазу барысында осы терминдерді кеңінен қолданамыз. Жазу үдерісінде шетел және орыс тіліндегі материалдарды аударып, сілтеме жасай отырып пайдаланамыз. Мұндай жағдайда орыс және қазақ тілдеріндегі терминдердің мағыналық сәйкестігі аса маңызды. Егер терминдер арасындағы аударма дәлдігі бұзылса, мәтіннің мазмұны бұрмаланып, ғылыми ой толық түсініксіз күйге түседі.

Дене мәдениеті мен спорт саласы бойынша терминологияда орыс тіліндегі «Физическая культура» термині республиканың барлық орта мектептері мен оқу орындарында «Дене шынықтыру» деп қолданылуы өте өзекті мәселелердің қатарында. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарындағы «Физическая культура и спорт» білім беру бағдарламасы да «Дене шынықтыру және спорт» деп қолданылып келеді. Алайда, мұндай аударма ғылымилық жағынан дәл емес және ұғымдық тұрғыдан сәйкессіздік тудырады [1].

Бүгінгі таңда біз «дене шынықтыру» ұғымын жиі қолдана отырып, шын мәнінде «дене мәдениеті» немесе «дене тәрбиесі» ұғымдарын алмастырып отырмыз. Бұл жағдай орыс тіліндегі терминдер өз мағынасында дұрыс қолданылып отырғанымен, қазақ тілінде дәл баламасы таңдалмағандықтан, кәсіби тұрғыдан түсініксіздікке алып келуде. Егер осы түйткілді мәселені дер кезінде реттемесек, болашақ ұрпақ алдында ыңғайсыз жағдайға қаламыз. Олар осынша көп ғылыми және әдістемелік жұмыстар істегенде негізгі терминдерді неге дұрыстап алмағаныңдар деген кінә қояды. Өкінішке қарай, қазіргі уақытта көптеген оқулықтар мен

ғылыми материалдар орыс тілінен қазақ тіліне дәл аударылмағандықтан, терминологиялық мағынасы бұрмаланып, пайдаланушы материалдың бастапқы (орысша) нұсқасына жүгінбей оны толық ұғына алмайтындай жағдайға жетіп отырмыз. Бұл - нақты шешімін таппай жүрген маңызды ғылыми-әдістемелік мәселе деп санаймыз. Сондықтан жоғары оқу орындарындағы «Дене шынықтыру және спорт» БББ-ның атауын «Дене мәдениеті және спорт» деп, ал республика мектептеріндегі «Дене шынықтыру» пәнінің қазақша атауын «Дене тәрбиесі», орысша атауын «Физическое воспитание» деп өзгерту бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі деп санаймыз. Біз ұсынған мәселелер республика бойынша қолдау тауып, барлық өңірде қолданысқа енгізілсе, Жаңа Қазақстан жағдайында дене мәдениеті және спорт саласындағы ғылыми-әдістемелік бағыттағы жаңашылдық деп тануға толық негіз бар.

Зерттеудің мақсаты. Мақалада дене мәдениеті және спорт саласындағы мамандарды даярлау, білім мен ғылымды дамыту үдерісінде мемлекеттік тілде қолданылатын негізгі терминдерді анықтау, олардың қазақ және орыс тіліндегі мағына сәйкестігін зерттеу, сондай-ақ дұрыс әрі түсінікті қолдану ерекшеліктерін көрсету.

Зерттеудің міндеттері:

Дене мәдениеті және спорт саласында қолданылатын негізгі терминдерді анықтап, олардың қазақ және орыс тілдеріндегі мағыналық сәйкестігін зерттеу және қазіргі қолданыс аясын саралау;

Елімізде дене мәдениеті мен спорт саласына бағытталған терминологиялық сөздіктерді, теориялық және әдістемелік оқу құралдары мен оқулықтарды ғылыми қауымға таныстыру;

Мамандар даярлау мен ғылыми-білім беру үдерісінде мемлекеттік тілдегі терминдерді дұрыс қолдану, олардың ерекшеліктері туралы ұсыныстар әзірлеп, оларды тиісті мекемелерге (мысалы, Республикалық оқу-әдістемелік кеңес, бейінді министрліктер) ұсыну.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу жұмысы келесі әдістерге негізделді: ғылыми әдебиеттер мен мақалаларды, ресми құжаттарды оқу және талдау; сұхбат, әңгіме жүргізу; педагогикалық және терминологиялық талдау жасау; оқу үдерісіндегі құжаттарды саралап, нәтижелерді математикалық өңдеу.

1988 жылдан бастап еліміздің жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқытатын топтар ашылып, сабақтар мемлекеттік тілде жүргізіле бастады. Ал, 1992 жылдан бастап дене мәдениеті мен

спорт саласына қатысты алғашқы қазақ тіліндегі оқу құралдары жарық көрді. Осы саладағы отандық ғалымдар Б.Қ. Қаражанов, Р.Р. Аманбаев, З. Есмағанбетов, Т.Ш. Қуаныш, Е.К. Уанбаев, Ф.Ж. Уанбаева, Ә.К. Әбділлаев, Е.К. Сейсенбеков, Т.А. Ботағариев, А.Ж. Сейсенбердиева, Ж.М. Есіркепов сынды авторлар мемлекеттік тілде «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын дайындап, баспадан шығарды. Бұл оқу-әдістемелік еңбектерді ЖОО-да оқу үдерісінде пайдаланылып келеді. Е.К. Уанбаевтың «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» атты 2006, 2009, 2010, 2014 жылдары шығарылған оқу құралы 2019 жылы Алматы қаласының «ССК» баспасынан, 2022 жылы «Үш Қиян» баспасынан оқулық ретінде басылып шықты [2].

Соңғы жылдары жарық көрген еңбектердің қатарында Н.С. Бекнұрманов, Ж.М. Есіркепов, Н.Т. Бегалин сынды авторлардың оқу құралдары бар [3-5]. Бұл еңбектермен Ұлттық кітапхана қорында танысу барысында олардың терминология мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмегендігі байқалды. Атап айтқанда, бұл оқу құралдарында «дене мәдениеті» ұғымы нақты көрсетілмеген және оның бөлімдеріне жүйелі түрде тоқталынбаған. Ж.М. Есіркепов пен Н.С. Бектұрманов өз еңбектерінде Е.К. Уанбаевтың қазақ тіліндегі оқулықтарына сілтеме жасағанымен, Н.Т. Бегалиннің еңбегінде бірде-бір мемлекеттік тілдегі дереккөз көрсетілмеген. Бұл оқырмандар арасында соңғы 32 жылда қазақ тілінде ешбір оқу құралы жарық көрмеген деген жаңсақ түсінік қалыптастыруы мүмкін.

Сонымен қатар, Н.Т. Бегалиннің еңбегінде орыс тіліндегі «физическое» сөзі тікелей аударылмай, «физикалық жаттығулар», «физикалық сапа», «физикалық тәрбие» секілді тіркестер күйінде пайдаланылған. Бұл аударма қазақ тілі табиғатына сай келмей, ғылыми стиль талаптарына қайшы келеді [5, б. 187].

Аталған бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқан ғалымдардың бірі - Е.К. Уанбаев. Ол спорттағы терминология мәселесіне қатысты бірқатар ғылыми мақалалар жариялаған. Оның еңбектері «Егемен Қазақстан», «Қазақ спорты» секілді республикалық басылымдарда, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ұсынылған басылымдарына кіретін ғылыми журналдарда, атап айтқанда, Қазақ спорт және туризм академиясының «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі», Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Хабаршы»

журналдарында жарық көрген. Сонымен қатар, оның ғылыми мақалалары халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында да кеңінен жарияланды.

Сонымен қатар, осы мәселе бойынша 2025 жылы сәуір айында Шымкент қаласындағы Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде «Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша өткен XVII республикалық пәндік олимпиада аясында еліміздің 22 ЖОО-нан келген 22 (қазақ тобы), 15 (орыс тобы) команда жетекшілері (профессор-оқытушылар) қатысқан семинарда сұхбаттасу, әңгімелесу, пікір алмасу жүргізу барысында біз көтерген мәселені толық қуаттап, қолдау білдірді.

Қазіргі таңда республика бойынша 35 тен астам ЖОО-да «Дене мәдениеті және спорт» БББ-сы бойынша мамандар даярланады. Осы ЖОО-ның жетекші мамандарынан (кафедра меңгерушілері, БББ-сын үйлестірушілер, білікті профессор-оқытушылар) әлеуметтік желі (вацап) негізінде 125 профессор-оқытушы қатысқан онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнама тақырыбы: «Дене шынықтыру және спорт» БББ-ның атауын «Дене мәдениеті және спорт» деп, ал республика мектептеріндегі «Дене шынықтыру» пәнінің қазақша атауын «Дене тәрбиесі», орысша атауын «Физическое воспитание» деп өзгеруге қалай қарайсыз? «Қолдаймын», «Қарсымын», «Өз ұсынысыңыз». Сауалнама нәтижесін талдау барысында 113 (90,4 %) оқытушы толық қолдайтындықтарын білдірсе, 4 (3,2 %) оқытушы қарсылықтарын білдірді. Ал, 8 (6,4 %) оқытушы бұл мәселені республикалық деңгейдегі ҚР ҒЖБ министрлігіндегі дене мәдениеті мен спорт саласына жауапты мамандардың және республикадағы жетекші ғалымдар мен білікті профессор-оқытушылардың қатысуымен офлайн форматта жан-жақты талқылап, бір шешімге келуді ұсынды.

Нәтижелер. Дене мәдениеті және спорт саласындағы қазіргі ғылыми-теориялық білімдердің негізі көбіне орыс тіліндегі еңбектер арқылы қалыптасты. Бұл бағыттағы алғашқы ірі ғылыми негіз П.Ф. Лесгафттың есімімен тығыз байланысты. XIX ғасырдың соңында орыс тілінде енгізілген «Физическая культура» терминінің авторы, әрі дене мәдениеті жүйесінің ғылыми тұжырымдамасын алғаш ұсынған тұлға ретінде ол тарихта белгілі. П.Ф. Лесгафт (1827-1909) - дәрігер, анатом және педагог - 1874-1876 жылдары Еуропаның көптеген қалаларында тәжірибелік іс-

сапарда болып, дене мәдениеті мен спорт жүйесі мен білікті мамандар даярлау ісін зерттеген. Оның еңбектерінде пайдаланылған «культура» термині латынның «cultura» - тәрбиелеу, білім беру, дамыту, құрмет көрсету деген мағыналарынан шыққан [2, б. 262].

Қазіргі уақытта да біз дене мәдениеті мен спорт саласына қатысты негізгі оқу материалдарын - оқулықтар, диссертациялар, ғылыми мақалалар - орыс тілінен алып, оларды қазақ тіліне аударып пайдаланамыз. Алайда, аударма барысында терминологиялық сәйкессіздік кеңінен таралған. Атап айтқанда, «физическая культура» термині көп жағдайда дұрыс аударылмай, «дене шынықтыру» деп қолданылып жүр. Сол сияқты «физическое воспитание» термині де тікелей баламасы «дене тәрбиесі» емес, қайтадан «дене шынықтыру» деп беріледі. Бұл сәйкессіздік тек кәсіби аудармаларда ғана емес, интернеттегі автоматтандырылған аударма жүйелерінде де кең таралып кеткен.

Негізінде, «дене мәдениеті» ұғымы - кең ауқымды және құрылымдық тұрғыдан бес негізгі бөлімнен тұрады:

Спорт.

Базалық (негізгі) дене мәдениеті.

Сауықтыру дене мәдениеті.

Қолданбалы дене мәдениеті.

Жекебасылық дене мәдениеті.

Мектепке дейінгі мекемелерде, жалпы білім беретін мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында өткізілетін дене шынықтыру пәндері осы базалық дене мәдениетінің құрамына кіреді [6].

Алайда, тәжірибеде осы құрылым ескерілмей, терминологиялық ауытқулар орын алуда. Мысалы, Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарының бірінің мемлекеттік аттестациялық комиссиясына ұсынылған «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша мемлекеттік емтихан бағдарламасында «Дене шынықтырудың бөлімдері» деген сұрақ көрсетілген. Бұл - әдіснамалық тұрғыдан қате, себебі нақты дұрыс нұсқасы: «Дене мәдениетінің бөлімдері» болуы тиіс. Себебі, дене шынықтыру тек базалық бөлімге жатады, ал қалған төрт бөлім - спорт, сауықтыру, қолданбалы және жекебасылық дене мәдениеті - дене шынықтырудан жоғары тұратын дербес бағыттар.

Қазіргі таңда көптеген оқу орындарында оқу пәнінің атауы да бұрмаланып беріліп жүр: ғылыми тұрғыдан бекітілген «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» атауы орнына «Дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесі» деген тіркестер жиі кездеседі. Павлодар қаласындағы Ө. Марғұлан атындағы

университеттің жетекші ғалымдарының тәжірибесімен жасалып, республиканың көптеген жоғары оқу орындарының «Дене шынықтыру және спорт» (IP) білім беру бағдарламасына енгізіп жатқан пәндер «Дене шынықтыру оқыту әдістемесі», «Адам мен дене шынықтыру жаттығуларының функционалды анатомиясы», «Дене шынықтыру жаттығуларының қолданбалы физиологиясы», «Адам қозғалысы мен дене шынықтыру жаттығуларының биомеханикасы», «Дене шынықтыруда және спортта физикалық дамудың функционалды дайындығының мониторингі», «Дене шынықтыру және спортпен айналысу процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау», «Дене шынықтыру мен спорт психологиясы», «Дене шынықтырудың балама түрлері», «Дене шынықтыруда және спортта қолданбалы зерттеу» - деп көрсетіледі. Мұндай ауытқулар студенттердің тақырыпты дұрыс түсінуіне кедергі келтіріп, мемлекеттік емтихандарда нақты әрі ғылыми негізделген жауап беруге қиындық туғызады.

Талқылау. «Дене шынықтыру» сөзі терминологиялық тұрғыдан дұрыс таңдалмаған. Бұл сөзді естігенде көпшілігіміздің көз алдымызға денесі шыныққан, бұлшық еттері дамыған адамдар елестейді. Алайда, «шынықтыру» сөзінің мағынасы дене қасиеттерін дамыту, қозғалысқа үйрету деген ұғымдарды қамтымайды. Шынықтыру сөзі тек денені шынықтыру, күш, төзімділік сияқты дене қуаты қасиеттерін арттырумен ғана байланысты болады, бұл терминнің мағынасында дене жаттығуларын үйрету, жетілдіру элементтері жоқ.

Кәсіби мамандар дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларға спорт түрлері бойынша гимнастика, шаңғы дайындығы, жеңіл атлетика, спорт ойындарының негізгі жаттығуларының техникасын үйрету, жетілдіру, сондай-ақ, дене қасиеттерін дамыту жұмыстарымен айналысады. Мысалы, жылдамдықты дамытуда спортшының кеңістікте жылдам қозғалу қабілеті түсіндіріледі, оның түрлері мен даму әдістері мен амалдары туралы оқушыларға түсінік беріледі, содан кейін бұл жаттығулар педагогикалық әдістермен орындалады.

Енді осы терминді орыс тіліне қайта аударсақ «дене шынықтыру - закаливание тело» деп аударылады. Біз оқушының денесін тәрбиелейміз және шынықтырамыз, осы екі терминді қатар қойғанда тәрбиелеу термині дұрыс. Осының бәрін терең зерттегеннен кейін, бізге мектептегі дене шынықтыру пәнін «дене тәрбиесі» деп атауымыз терминологиялық тұрғыдан дұрыс болады.

Орыс тілінде де мектептің дене тәрбиесі сабағы «физическая культура» - деп, мектеп сабағының мәртебесін көтеру үшін ғана аталған болу керек деп, ойлаймыз. Өйткені, профессор Л.П. Матвеевтің «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» - атты 1976 жылы шыққан оқулығының 264-ші бетінде «Дене мәдениеті» терминінің басқа да тар мағынасы бар. «Дене мәдениеті» терминін жеке мағынада қолдана отырып, терминдердің шатастырмау үшін «жеке дене тәрбиесі», мектептегі дене тәрбиесі және т.б. сын есімді пайдалануға болады», - деп, атап өтеді [7, б. 264]. Біз өз ана тіліміздегі терминдерді (ұғымдарды) күнделікті оқу үдерісінде шатастырмай, дұрыс әрі түсінікті түрде қолдану үшін ресей ғалымдары ұсынған дене мәдениетінің «кең» мағынасы немесе дене мәдениетінің «тар» мағынасы деп бөлмей-ақ, мектептегі дене тәрбиесі сабағын қазақша «дене тәрбиесі», орысша «физическое воспитание» - деп атауды құзырлы ведомоства тарапынан міндеттеу керек.

Кенес Одағы кезеңінде жоғары оқу орындарында дене тәрбиесі мамандарын даярлайтын факультеттер орыс тілінде «Физическое воспитание» деп аталды. Мысалы, Өскемен педагогикалық институтында дене тәрбиесі факультеті «Физическое воспитание» -деп аталды, ал Е.К. Уанбаевтың 1976 жылы алған дипломында «Учитель физического воспитания» деген біліктілік көрсетілген. Алматы дене мәдениеті институтында, сондай-ақ, төрт республиканың (Қазақ КСР, Қырғыз КСР, Тәжік КСР, Өзбек КСР) жоғары оқу орындарының оқытушылары бес жылда бір рет екі айлық білім жоғарылату курстарынан өтетін еді. Бұл курстарды аяқтағаннан кейін алынған куәлікте мамандық «физическое воспитание» - деп көрсетілген [8, б. 262].

Осы «Физическое» деген термин қазақша физикалық деп аударылып кейінгі жылдары көп қолданылып кетті. Физика пәнінің анықтамасында физикалық деген ұғым көзге көрінетін жанды, жансыз заттарды анықтайды, ол заттардың көлемі, түрі, сипаты болуы керек. Қолмен ұстағанда қатты, жұмсақ болуға тиісті [9, б. 4]. Енді «физикалық» терминін орыстар адамның, жануарлардың дене күшін анықтау түрінде қолданады. Ал, бізде «физикалық» деген сөздің орнына қазақтың «дене» деген сөзі бұрыннан қолданылып келеді. Сонда қазақ лингвист, филолог ғалымдары, жазушылар өткен 20 ғасырдың басынан бастап «дене» деп, орыс ғалымдарына қарағанда жақын, қолдануға түсінікті термин тапқан. Қазіргі кезде «Физическая культура» деген сөзді қолданбай «Телесная культура» деп атауды ұсынған орыс ғалымдары да шыға бастады.

Неге біз қазақ даналары ұсынған өте дұрыс әрі тиімді «Дене» терминін қолданбай «Физикалық» деп ада-сып бара жатырмыз? Ол дұрыс емес.

Осы терминдер мәселесін терең зерттеп жүрген ғалым Е.Қ. Уанбаев одан да жақын термин кіргізді, ол термин - «Дене қуаты қасиеті». Оқулықтардағы «Физическая качества» термині - бес түрлі «қасиетті» - күш, төзімділік, жылдамдық, икемділік, ептілік сияқты қасиеттерді білдіреді. Осы бес дене қасиеті адам қимыл-қозғалыс жасағанда, түрлі жаттығу түрлеріне қатысқанда көрініс береді. Профессор Е.Қ. Уанбаев осы бес түрлі дененің қимыл мүмкіндігін көрсететін сөзге терең зерттеулер жүргізу нәтижесінде балама сөз тапты. Өйткені, «дене сапасы», «дене қабілеті», «дене қасиеті» деп алсақ, адам денесінде дене тәрбиесі мен спорт саласына қатысы жоқ басқа да жалпы қасиеттер (адамгершілік, еңбексүйгіштік және т.б.) бар. Сондықтан дене тәрбиесі мен спорт саласына бағытталған дене қасиеттерін анықтайтын термин іздегенде ол «куат» деген сөзді қолданысқа енгізді. Қазақта «күшті» екен, «куатты» екен деген адамға рух беретін сөз бар. Жазушылар шығармаларында «Палуандардың қуаты бойына сыймай, тасып тұр екен» - деп жазады. Ал, «күш» деген сөз бір күшті дегенмен шектеліп тұрса, «куат» деген сөз, бес бірдей дене қуаты қасиетін білдіріп тұрады. Зерттеу нәтижесінде «дене қуаты қасиеті» - деген термин, ұғым қолданысқа енгізілді [10, б. 21].

Қазақстан Республикасында дене мәдениеті және спорт саласындағы терминологияны дұрыс жолға қою үшін көптеген жұмыстар атқарылды. 2012 жылдың 25 сәуірінде Қақтың спорт және туризм академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің терминология комиссиясы (төрағасы Е.Қ. Уанбаев, хатшысы А.Б. Дошыбеков) дене мәдениеті және спорт саласындағы негізгі терминдерді пәндік Олимпиадаға жиналған Республиканың теоретик ғалымдарымен бірлесе отырып талқылап, олардың қолданылу ерекшеліктерін анықтап, хаттама жазып, бекітті. Талқылау жиынына Қазақстанға белгілі Е.А. Алимханов, Т.А. Ботағариев, Ә.К. Әбділлаев, Т.А. Киспаев, Б.О. Ерментаева сияқты ғалымдар мен жетекші мамандар қатысып, «Дене мәдениеті», «Дене қасиеті», «Дене тәрбиесі амалдары» сияқты терминдерінің дұрыс қолданылуы туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ ЖОО-дағы мамандық атауы «Дене мәдениеті және спорт» - деп аталуы керек деген қаулы қабылданды.

2019 жылы дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері кафедрасының меңгерушісі А. Дошыбековтың зерттеу жұмыстарынан кейін Қақтың спорт және туризм академиясының

президенті К.К. Закирьянов еліміздің 31 жоғары оқу орнының ректорларына, сондай-ақ Білім және ғылым министрі К.Н. Шамшидиноваға жазған хатында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығын «Дене мәдениеті және спорт» деп өзгерту туралы ұсыныс жасады [11, б. 3].

2024 жылы 24 сәуірде Алматы қаласындағы Қақтың спорт және туризм академиясында өткізілген «Дене мәдениеті, спорт, туризм, білім және ғылымды дамытудың басым ғылыми-педагогикалық бағыттары» атты ІІ Халықаралық форум аясында «Дене мәдениеті және спорт саласында мамандар даярлау, білім мен ғылымды дамыту үдерісінде мемлекеттік тілдегі терминдерді дұрыс қолдану ерекшеліктері» тақырыбында Е.К. Уанбаевтың ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және Қақстанның әртүрлі қалаларынан келген жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары, Алматы қаласының білім басқармасының дене шынықтыру және спорт оқу-тәжірибе орталығының басшылары, мектеп директорлары, сондай-ақ Қақ спорт және туризм академиясының оқытушылары қатысты. Қақстанның Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Өскемен, Семей, Астана, Қызылорда, Тараз, Орал қалаларынан 8 педагогика ғылымдарының докторы, 16 педагогика ғылымдарының кандидаттары, 5 PhD докторлары, профессорлар мен қауымдастырылған профессорлар қатысып, өз пікірлерін білдірді.

Дөңгелек үстел отырысында екі маңызды мәселе талқыланды:

Жоғары оқу орындарындағы «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы атауын «Дене мәдениеті және спорт» деп өзгерту.

Республика мектептеріндегі «Дене шынықтыру» пәнінің қазақша атауын «Дене тәрбиесі», орысша атауын «Физическое воспитание» деп өзгерту ұсынылды. Бұл ұсыныстар Қақтың спорт және туризм академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңеске жолданды.

Қазіргі уақытта еліміздің мектептеріндегі «Дене шынықтыру» пәні өткен ғасырдың соңында және осы ғасырдың басында «Дене тәрбиесі» деп аталған болатын. 1993 жылы 9 наурызда Қақстан Республикасының Білім министрі Ш.Ш. Шаяхметовтың №92 бұйрығымен «Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының дене тәрбиесі ережесі» бекітілді. Төмендегі 1-кестеде 1984-2012 жылдары шығарылған оқу құралдарының атауларында Қақстандық ғалымдар С. Қасымбекова, С. Тайжанов, Б. Төтенаев, М. Тұрыскелдина, Ю. Тлеуғалиевтер «Дене тәрбиесі» деп атағанын көруге болады. Ал, кейінгі жылдары

Білім және ғылым министрлігіндегі шенеуніктер ғылыми негіздемесіз, дәлелсіз түрде мектептегі пән

атауын «Дене шынықтыру» деп өзгерткен [12]. Бұл жағдайдың себебі түсініксіз.

1 кесте – «Дене тәрбиесі» атауымен баспадан 1984-2012 жылдары басылып шығарылған әдістемелік оқу құралдары

№ р/с	Авторлар	Атауы	Шыққан жылы	Сынып
1	Қасымбекова С.І. Тайжанов С.	Дене тәрбиесі 4 оқу құралы	2000 ж.	6, 7, 8, 9
2	Қасымбекова С.І.	Дене тәрбиесі-3 оқу құралы	2012 ж.	5, 8, 6
3	Төтенаев Б.	Дене тәрбиесі 5 оқу құралы	1988, 1994, 2000- 2012 жж.	1-4, 4,10
4	Тұрыскелдина М.Т.	Дене тәрбиесі 3 оқу құралы	1984, 2002, 2003 жж.	1, 2, 3
5	Тлеугалиев Ю.Г.	ДТ 12 жылдық мектеп - 3 оқу құралы	2003 ж.	1, 2, 7

Кестеде көрсетілгендей, С.І. Қасымбекова мен С. Тайжанов бірлесіп 4 оқу құралын, С.І. Қасымбекова жеке өзі 3 оқу құралын, Б. Төтенаев 5 оқу құралын, М.Т. Тұрыскелдина 3 оқу құралын, Ю.Г. Тлеугалиев 3 оқу құралын жариялаған. Барлығы 1988-2012 жылдар аралығында «Дене

тәрбиесі» атауымен 18 оқу құралы баспадан шықты. Сонымен қатар, 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасында дене тәрбиесі және спорт саласындағы қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер шығарыла бастады. Ол сөздіктер 2-кестеде көрсетіледі.

2 кесте – 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасының баспаларынан басылып шығарылған қазақша-орысша, орысша-қазақша дене тәрбиесі және спорт саласының терминологиялық сөздіктері

№	Авторлар	Атауы	Шығу мәліметтері
1	Қаражанов Бектілеу	«Дене мәдениеті және спорт ілімі орысша-қазақша терминологиялық сөздігі»	Алма-Ата, 1991.
2	Салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер бас редакциясы	Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Дене тәрбиесі және спорт. 31 том.	Алматы, «Рауан» баспасы. 2000. - 273 б.
3	Жолымбетов О.Ш., Құлназаров А.К.	Спорт терминдерінің түсіндірме сөздігі	Алматы, «Сөздік-словарь» баспасы. 2009. - 480 б.
4	Жалпы редакциясын басқарған М.Б.Қасымбеков	Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Дене тәрбиесі және спорт. 30 том.	Алматы, «ҚАЗАқпарат» баспасы. 2014. - 464 б.
5	Шиндин Н.И., Егізбаев Ж.Ә.	Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. Жалпы қолданылатын спорттық терминдер бойынша.	Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ақпарат-есептеу орталығы, 1999. - 108 б.
6	Төтенайдың Базарбегі	Спорт атауларының орысша - қазақша сөздігі.	Алматы: «Ана тілі», 1994. - 128 б.

№228-V 3 шілде 2014 Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт Заңының 9 ба-

бында «Мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі, жалпы білім беретін мектептердегі және басқа оқу

орындарындағы дене тәрбиесі» - деп, жазылған. Орысша тектінде «Физическое воспитание в детских дошкольных учреждениях, общеобразовательных школах и других учебных заведениях» - деп, көрсетілген [13].

Б. Төтенайдың «Спорт атауларының орысша - қазақша сөздігі» атты еңбегінде де «физическая культура» - «дене мәдениеті», «физическое воспитание» - «дене тәрбиесі» деп тайға таңба басқандай етіп көрсетілген [14]. Ал, 2014 жылы Қазақстан Үкіметінің Республикалық терминологиялық комиссиясы бекіткен қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық сөздіктің 30-томының 341-бетінде «дене қуаты» термині «мощь физическая» ретінде, 442-бетінде «физическая культура» - «дене мәдениеті», «физическое воспитание» - «дене тәрбиесі», «физическая закалка» - «дене шынықтыру» деп көрсетілген. Бұл сөздікті баспадан шығару жұмысында Қазақ спорт және туризм академиясының жетекші ғалымдары, профессорлары Д.К. Нұрмұханбетова, Р.Б. Лесбекова, Б.Г. Есжан, Т. Рақышев және басқалары үлкен еңбек сіңірген [15, б. 442].

Алайда, 2014 жылы қабылданған осы екі нормалық құжаттағы терминдерді негізге алып, жұмыс жасап жатқан министрліктер, университеттер, мектептер және басқа да білім беру мекемелері жоқ. Соның салдарынан, орыс тіліндегі материалдардың қазақ тіліне дұрыс аударылмауы жағдайы туындайды. Бұл өз кезегінде, баспа бетінен шыққан мақалалар, оқу құралдары, диссертациялардың түсініксіз болуына әкеледі. Осы мәтіндерді оқыған кезде, көбінесе, олардың мән-мағынасын түсінбей, тек орыс тіліндегі нұсқасын оқып, ғана ұғатын жағдайға жеттік. Бұл мәселеде түйін болып тұрғаны, мектептердегі «Физическая культура» терминінің «Дене шынықтыру» - деп, ал ЖОО-лардағы білім беру бағдарламаларындағы «Физическая культура и спорт» атауының «Дене шынықтыру және спорт» - деп дұрыс аударылмауында жатыр. Бұл жағдай, өз кезегінде, көптеген дене тәрбиесі мамандарының, сондай-ақ оқытушылар мен студенттердің осы терминдерді дұрыс түсінбеуіне және оларды орыс және қазақ тілдерінде сәйкес аудармай адасуына әкеліп отыр.

Қорытынды. «Сөз түзелді, сен де түзел», - деген дана қазақтың қанатты сөзі бар. Бұл сөздің мәні, тіл мен терминологияның дұрыстығы, сондай-ақ ғылым мен білім саласында дұрыс ұғымдарды

қолданудың маңыздылығын айқындайды. Терминдерді зерттеу және барысында алдымызға қойылған міндеттер орындалды. Атап айтқанда:

1. Дене мәдениеті және спорт саласында қолданылатын негізгі терминдер анықталып, олардың қазақ және орыс тілдеріндегі мағыналық сәйкестігі зерттелді, қазіргі қолданыс аясы сараланды.

2. Еліміздегі дене мәдениеті мен спорт саласына бағытталған терминологиялық сөздіктер, теориялық және әдістемелік оқу құралдары мен оқулықтар анықталды, оқырмандарға, ғылыми қауымға таныстырылды.

3. Осы ғылыми зерттеу нәтижелері (ғылыми әдебиеттер мен мақалаларды, ресми құжаттарды оқу және талдау; сұхбат, әңгіме жүргізу, педагогикалық және терминологиялық талдау жасау) негізінде дене мәдениеті және спорт саласында жоғары білікті мамандар даярлау, білім мен ғылымды дамыту мақсатындағы ұғымдар, терминдер нақтыланды.

Осы бағыттағы атқарылған жұмыстарды іске асыру мақсатында келесі мәселелерді жүзеге асыруды ұсынамыз:

1. 2014 жылы Қазақстан Үкіметінің Республикалық терминологиялық комиссиясы бекіткен қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық сөздіктегі негізгі: «дене қуаты» - «мощь физическая», «физическая культура» - «дене мәдениеті», «физическое воспитание» - «дене тәрбиесі», «физическая закалка» - «дене шынықтыру», «физическая качество» - «дене қасиеті» атты терминдерді барлық оқу-әдістемелік жұмыстарда толық дұрыс қолдану.

2. Жоғары оқу орындарындағы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының атауын «Дене мәдениеті және спорт», - деп өзгерту. Осы мәселе туралы биылғы 2025 жылғы 24 маусымда Қазақ Спорт және туризм академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес отырысында, күн тәртібіне енгізілген терминдер мәселесі туралы профессор Е.К. Уанбаевтың жоғары оқу орындарындағы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының атауын «Дене мәдениеті және спорт», Республика мектептеріндегі «Дене шынықтыру» сабағының атауын қазақ тілінде «Дене тәрбиесі», орыс тілінде «Физическое воспитание» - деп өзгерту туралы жасаған ұсынысын хаттамалық шешім бойынша күзіретті органдарға жеткізу.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті мен спорт саласындағы негізгі терминдердің мемлекеттік тілдегі ұғымдары // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. - 2006. - №2. - Б. 77-81.

- 2 Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі: оқулық. - Алматы: «Үш Қиян» баспасы, 2022. - 368 б.
- 3 Бекнұрманов Н.С. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. - Тараз: Дулати университеті, 2022. - 111 б.
- 4 Есіркепов Ж.М. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. - Алматы: «Адал кітап», 2022. - 289 б.
- 5 Бегалин М.Т. Дене тәрбиесі мен спорт теориясы және әдістемесі: оқу құралы. - Петропавл: СҚУ баспасы, 2021. - 289 б.
- 6 Ескалиев М.З., Утегенов Е.К., Зауренбеков Б.З., Пресняков И.Н. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: ҚазСТА, 2017. - 223 б.
- 7 Матвеев Л.П. Теория и методика физического воспитания: учебник. - Москва: «Физкультура и спорт», 1976. - 560 с.
- 8 Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті және спорт саласындағы мемлекеттік тілдегі терминдерді қолдану ерекшеліктері // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Жаршы». - 2017. - №5. - Б. 262-266.
- 9 Уанбаев Е.К. Дұрысы дене тәрбиесі // Егемен Қазақстан газеті. - 2019. - №39.
- 10 Уанбаев Е.К. Дене мәдениеті және спорт саласында мамандар даярлау, білім мен ғылымды дамыту үдерісі кездерінде мемлекеттік тілдегі терминдерді дұрыс қолдану ерекшеліктері / Халық. ғыл. конф. «Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері»: мат. - Алматы, 2024. - Б. 21-36.
- 11 Уанбаев Е.К. «Дене шынықтыру» ұғымы дұрыс қолданыста емес // Қазақ спорты газеті. - 2019. - №8 (2503).
- 12 Есіркепов Ж.М., Уанбаев Е.К., Омаров Б.С., Құрманбаев Б.И., Шегенбаев Н.Б. Мектептегі «Дене тәрбиесі» оқулықтары мен жаңартылған оқу бағдарламаларын жетілдіру мүмкіндіктер // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2025. - №1(79). - Б. 14-25. DOI: 10.48114/2306-5540_2025_1_14.
- 13 Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ «Дене шынықтыру және спорт туралы» (2024.20.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575883#activate_doc=2 (қолданылған күні: 20.10.2024).
- 14 Төтенай В. Спорт атауларының орысша - қазақша сөздігі. - Алматы: «Ана тілі», 1994. - 128 б.
- 15 Қасымбеков М.Б. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Қазақстан Үкіметінің Республикалық терминологиялық комиссиясы бекіткен. 30-шы том. Дене тәрбиесі және спорт. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014. - 464 б.

References

- 1 Uanbaev E.K. Dene мәдениеті мен спорт саласындағы негізгі терминдердің мемлекеттік тілдегі ұғымдары // Dene tәrbiesinің teorijasy men әdistemesi. - 2006. - №2. - B. 77-81.
- 2 Uanbaev E.K. Dene мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі: оқулық. - Алматы: «Ysh Kijan» baspasy, 2022. - 368 b.
- 3 Beknұrmanov N.S. Dene tәrbiesinің teorijasy men әdistemesi: оқу құралы. - Taraz: Dulati universiteti, 2022. - 111 b.
- 4 Esirkepov Zh.M. Dene tәrbiesinің teorijasy men әdistemesi: оқу құралы. - Almaty: «Adal kitap», 2022. - 289 b.
- 5 Begalin M.T. Dene tәrbiesi men sport teorijasy zhәне әdistemesi: оқу құралы. - Petropavl: SҚU baspasy, 2021. - 289 b.
- 6 Eskaliev M.Z., Utegenov E.K., Zaurenbekov B.Z., Presnjakov I.N. Dene tәrbiesinің teorijasy men әdistemesi: оқу-әdistemelik құрал. - Almaty: KazSTA, 2017. - 223 b.
- 7 Matveev L.P. Teorija i metodika fizicheskoe vospitanija: uchebnik. - Moskva: «Fizkul'tura i sport», 1976. - 560 s.
- 8 Uanbaev E.K. Dene мәдениеті және спорт саласындағы мемлекеттік тілдегі терминдерді қолдану ерекшеліктері // L.N.Gumilev atyndary EҰU «Zharshy». - 2017. - №5. - B. 262-266.
- 9 Uanbaev E.K. Dұrsys dene tәrbiesi // Egemen Қазақстан gazetі. - 2019. - №39.
- 10 Uanbaev E.K. Dene мәдениеті және спорт саласында мамандар даярлау, bilim men ғылымды damytu үderisi kezderinde мемлекеттік тілдегі терминдерді дұрыс қолдану ерекшеліктері / Halyқ. ғыл. конф. «Dene shynyktyru, sport, turizm zhәне bilim беру tәzhiribesinің өзекті мәселелері»: mat. - Almaty, 2024. - B. 21-36.
- 11 Uanbaev E.K. «Dene shynyktyru» ұғымы dұrys қoldanysta емес // Қазақ sporty gazetі. - 2019. - №8 (2503).
- 12 Esirkepov Zh.M., Uanbaev E.K., Omarov B.S., Құрманбаев B.I., Shegenbaev N.B. Mekteptegi «Dene tәrbiesi» оқулықтары мен жаңартылған оқу бағдарламаларын zhetildiru мүмkindikter // Dene tәrbiesinің teorijasy men әdistemesi. – 2025. - №1(79). - B. 14-25. DOI: 10.48114/2306-5540_2025_1_14.
- 13 Қазақстан Respublikasynың Заңы 2014 zhyлғы 3 shildedegі № 228-V ҚRZ «Dene shynyktyru zhәне sport turaly» (2024.20.08. berilgen өзgerister men tolyktyrularmen). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575883#activate_doc=2 (қoldanyлған күні: 20.10.2024).
- 14 Tөtenaj B. Sport ataularynың oryssha - қазақша sözdigi. - Almaty: «Ana tili», 1994. - 128 b.
- 15 Qasymbekov M.B. Қазақша-oryssha, oryssha-қазақша terminologijalyқ sözdik. Qazaqstan Ykimetiniң Respublikalyқ terminologijalyқ komissijasy bekіtken. 30-shy tom. Dene tәrbiesi zhәне sport. - Almaty: QAZAқparat, 2014. - 464 b.

Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)	Автор для корреспонденции (первый автор)	The Author for Correspondence (The First Author)
Уанбаев Еркін Кинаятovich - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚР педагогикалық ғылымдар Академиясының академигі, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: uanerken@mail.ru ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-1997-6973	Уанбаев Еркін Кинаятovich - кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, академик Академии педагогических наук Республики Казахстан, Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан, e-mail: uanerken@mail.ru ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-1997-6973	Uanbaev Erkin Kinayatovich - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of the Republic of Kazakhstan, Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan, e-mail: uanerken@mail.ru ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-1997-6973

Мақала түскен күні: 30.04.2025

Мақала басылымға қабылданған күні: 02.09.2025